

Саран газеті

ЕЖЕНЕДЕЛЬНАЯ ГОРОДСКАЯ ГАЗЕТА



[saran_today](#), [saran_gazeti](#)

[f sarangazeti](#)

[sarangazeti.kz](#)

КЕЛЕ ЖАТҚАН 2026 ЖЫЛ ҚҰТТЫ БОЛСЫН! С НАСТУПАЮЩИМ 2026 ГОДОМ!

ҚҰРМЕТТІ САРАН ҚАЛАСЫНЫҢ ЖӘНЕ АҚТАС КЕНТІНІҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

Сіздерді келе жатқан Жаңа жылмен шын көңілден құттықтаймыз!

Қысқы мерекенің қарсаңында біз өтіп бара жатқан жылдың қорытындысын шығарып, болашаққа жоспар құрамыз, ізгі тілектерімізді арнаймыз.

Қадірлі жерлестер, жүрекке жылу ұялататын, ерекше көңіл-күй сыйлайтын осы мерекелік күндерде сүйікті қаламыздың өміріне белсене қатысқандарыңыз, қолдауларыңыз, түсіністік танытқандарыңыз, еңбектеріңіз бен туған өлкемізге деген сүйіспеншіліктеріңіз үшін баршаңызға алғыс білдіреміз.

Жақын арада 2026 жыл келіп, жаңа істерге, қызықты жобалар мен жарқын жетістіктерге жол ашады.

Жарқын мереке әр шаңырақты қуаныш пен бақытқа бөлеп, бақ-береке, зор денсаулық пен мол игілік әкелсін!

Баршаңызға бейбітшілік, көтеріңкі көңіл-күй, барлық армандарыңыздың орындалуын және қаламыздың гүлденіп, өркендеуін тілейміз!

Д. БҰЛҚАЙЫР,
Саран қаласының
әкімі

О. БАЙМАГАНБЕТОВ,
Саран қалалық
мәслихатының төрағасы

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ГОРОДА САРАНИ И ПОСЁЛКА АҚТАС!

От всей души поздравляем вас с наступающим Новым годом!

В преддверии этого прекрасного зимнего праздника мы подводим итоги уходящего года, строим планы на будущее и загадываем самые заветные желания.

В эти праздничные дни, наполненные душевным теплом и особенной атмосферой, благодарим всех вас, дорогие земляки, за активное участие в жизни нашего родного города, за поддержку, понимание, созидательный труд и любовь к родному краю.

Скоро 2026 год вступит в свои права, это будет время новых дел, интересных проектов и достижений.

Пусть этот светлый праздник наполнит радостью и уютом каждый наш дом, принесет счастье, здоровье и благополучие!

Желаем всем мира, хорошего настроения, исполнения всех желаний и процветания родному городу!

Д. БҰЛҚАЙЫР,
аким
города Сарани

О. БАЙМАГАНБЕТОВ,
председатель Саранского
городского маслихата

» ИТОГИ ГОДА

24 декабря площадь стадиона «Сұнкар» превратилась в настоящую новогоднюю сказку. Уже с раннего вечера здесь звучала праздничная музыка, создавая волшебную атмосферу ожидания чуда.

Праздник открылся ярким выходом Деда Мороза и Снегурочки. Затем настал долгожданный момент – зажжение огней на главной елке города. Дед Мороз предложил жителям принять участие в волшебстве, и вместе с ними елка засияла яркими огоньками. Этот момент сопровождался праздничной музыкой и оглушительной барабанной дробью.

Не менее впечатляющим событием стал зимний фейерверк, который осветил небо над городом. Все присутствующие дружно отсчитали до десяти, и небо вспыхнуло миллионами огней, создавая незабываемую атмосферу праздника.

Следом на площадь вышли гости – настоящие Деды Морозы и Снегурочки.

Свет, радость и волшебство: как Сарань встречает Новый год



ки. Они поздравили жителей, пожелали радости, успехов и исполнения всех желаний, а также устроили веселые игры с ребятами: потопали, похлопали и зарядили всех новогодним настроением. Все желающие могли сфотографироваться с героями у главной елки города, чтобы сохранить праздничные воспоминания.

Праздник продолжился музыкальными и танцевальными номерами: выступили танцевальная студия «Realize», квинтет «Мечта» с соло Розы Джамбурбаевой, а также коллектив «Снежинки». Энергичные танцы и праздничные песни создавали атмосферу веселья и радости для всех горожан.

В завершение Дед Мороз и Снегурочка пожелали всем счастья, добра и чудес в наступающем году и пригласили всех гостей на новогоднюю дискотеку.

Площадь «Сұнкар» в этот вечер стала настоящим центром новогоднего волшебства, где каждый почувствовал радость, тепло и праздничное настроение.

С Новым годом, Сарань! Пусть 2026 год принесет счастье, здоровье и исполнение всех мечт!

Соб. инф.

» ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТА

Жылдың қорытындысы мен алдағы жоспар тыңдалды

18 желтоқсан күні әкімдік ғимаратында Саран қалалық мәслихатының кезекті XXX сессиясы өтті.

Жылды қорытындылауға және 2026 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіткен сессия жұмысына судья, прокурор, облыстық мәслихаттың депутаты Владимир Шнель, қала әкімінің орынбасарлары, полиция бөлімінің өкілі, қалалық сайлау комиссиясының, қоғамдық кеңестің және ардагерлер ұйымының төрағалары, сондай-ақ мемлекеттік мекемелердің басшылары қатысты.

Қалалық мәслихаттың төрағасы Өміржан Баймағанбетов сессия жұмысын бастамас бұрын қалада жаңадан тағайындалған Саран қаласының прокуроры Қажымұрат Серікұлы Мұратовты және Саран қаласының Төтенше жағдайлар жөніндегі бөлімінің бастығы Нұрлан Құрманбайұлы Жақыпбаевты таныстырып,



оларға қаланың игілігі жолында еңбек етулеріне тілектестік білдірді.

Осы жолы күн тәртібінде он мәселе қаралды. Бірінші болып Саран қаласы экономика және қаржы бөлімінің басшысы Евгения Чирковаға сөз берілді. Ол өз кезегінде қатысушыларға 2026-2028 жылдарға арналған қалалық бюджет жо-

басымен таныстырды. Одан кейін Ақтас кенті әкімінің орынбасары Марғұлан Анаев 2026-2028 жылдарға арналған Ақтас кентінің бюджеті туралы баяндады.

Депутаттар – халыққа жақын, тұрғындардың мұң-мұқтажын билік өкілдеріне жеткізетін негізгі тұлғалар. Осы орайда Саран қалалық мәслихатының төрағасы Өміржан Зейнешұлы биыл атқарылған жұмыстардың нәтижелерін жан-жақты талқылап, алдағы кезеңге арналған ба-сым міндеттерді айқындады.

Сонымен қатар, сессия шеңберінде қаланың 2026-2030 жылдарға арналған даму жоспары мақұлданып, Саран қаласы әкімдігі жанынан құрылған үйлестіру кеңестерінің, қалалық комиссиялардың, қалалық кеңестердің дербес құрамдары бекітілді. Сондай-ақ, қалалық мәслихатының 2026 жылға арналған жұмыс жоспары мен келесі XXXI кезекті сессияның күн тәртібі пысықталды.

Дина ӘБДІҒАЛИЕВА

» АКТУАЛЬНО

ВАЖНО ЗНАТЬ

На прошлой неделе мы провели прямой эфир с заведующей сектором жилищных отношений Настасьей Геращенко. Отмечу, что эфир получился насыщенным, поскольку обсуждались вопросы предоставления жилья, очередности и т.д.



С мая текущего года ведение очередности на получение жилья из государственного жилищного фонда, а также право распределения жилья было передано АО «Отбасы банк», который стал единым оператором по жилью по Республике Казахстан.

За отделом жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог осталось право заключать договоры найма по уже готовым решениям Отбасы банка. Также за данным отделом остается право отслеживать оплату аренды за жилье, подавать иски в суд о взыскании аренды и о выселении недобросовестных нанимателей.

11 декабря 2025 года Отбасы банку были направлены данные на 107 квартир, которые банк должен будет распределить среди очередников, а в отдел ЖКХ, ПТ и АД направить уже готовые решения о предоставлении жилья, на основании которых будут заключаться договоры найма с очеред-

никами, получившими жилье.

Как банк будет распределять жилье?

Для начала банковские сотрудники внесут в свою систему все данные по жилью, т.е. создадут жильё. Затем нажатием кнопки «Распределить» жилье будет распределяться автоматически, т.е. распределять жилье согласно дате постановки на учет в соответствии с составом семьи и категории будет искусственный интеллект.

Искусственный интеллект направит положенным по закону 107 очередникам СМС-оповещение с текстом:

«Вас приветствует Отбасы Банк! Вам распределена квартира в рамках арендного жилищного фонда. Вам необходимо предоставить согласие с распределенной квартирой или отказ от распределенной квартиры в период с __. __. 2025 года по __. __. 2025 года в личном кабинете портала недвижимости otbasy.bank. В случае непредоставления согласия с распределенной квартирой в указанный период, итоги распределения будут аннулированы».

Это СМС будет в течение 5 дней приходиться на телефон положенному очереднику, и если очередник за это время не среагирует и не ответит в своем личном кабинете при помощи ЭЦП согласен ли он получить это жилье или отказывается (отказ тоже нужно подписывать официально на этом же сайте при помощи ЭЦП), то распределение от данного очередника автоматически перейдет к другому и т.д. пока жилье не будет распределено.

При этом, очередник не среагировавший на установленное СМС о распределении жилья либо давший отказ, просто остается в той же очереди и ждет следующего раза по распределению жилья.

Очень важно, чтобы каждый очередник заблаговременно зашел на сайт Orken.otbasybank.kz и дал согласие на обработку персональных данных, подписав его своим ЭЦП, также должен сделать каждый совершеннолетний член

семьи очередника. В противном случае без обработки персональных данных СМС о распределении жилья вообще не придет.

Что касается жилья, которое передали в Отбасы банк к распределению, сообщается, что это квартиры, купленные у частных застройщиков за счет средств, выделенных из республиканского бюджета, по рыночной цене стоимости жилья в настоящее время, таким образом, квартиры стоят в пределах 24 миллионов тенге, данное жилье будет подлежать дальнейшей приватизации.

Жилье, расположено в микрорайоне «Химик», микрорайоне 3, микрорайоне 1А.

В соответствии с новыми нормами жилищного законодательства распределение жилья будет производиться следующим образом:

70% квартир будут распределены среди следующих категорий лиц, имеющих право на первоочередное получение жилья:

Ветеранов ВОВ, Приравненных к ветеранам ВОВ,

Ветеранов боевых действий на территории других государств, Детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей,

Многодетных семей, Родителей детей с инвалидностью,

Людей с инвалидностью I и II группы, а также вдов и вдовцов.

Оставшиеся 30% — для государственных служащих, работников бюджетной сферы, военнослужащих, кандасов, пенсионеров, неполных семей, а также граждан с тяжелыми заболеваниями.

Не смогут претендовать на государственную поддержку те, кто владел жильем последние 5 лет, ранее получил и приватизировал государственное жилье, предоставил ложные сведения, владеет аварийным жильем, но подал заявление в другом регионе, уже купил жилье по льготной ипотеке.

Соб. инф.

Уважаемые граждане!

Акимат города Сарани объявляет прием заявок на участие по программе «Арендное жилье с правом выкупа» по линии АО «Казахстанская жилищная компания».

Прием заявок будет осуществляться по адресу: Жамбыла, 65, кабинет № 8 (ЖКХ).

Дата приема заявок: с 23 декабря 2025 года с 09:00 ч. по 29 декабря 2025 года 18:00 ч. (включительно).

ВАЖНО! В данной программе могут принять участие граждане Республики Казахстан, кандасы, состоящие в очереди на жилье, в том числе служащие акимата и работники его подведомственных организаций, учреждений, состоящие в очереди на жилье.

Условия программы:

Тип жилья: арендное жилье с правом выкупа.

Срок аренды – до 20 лет.

Есть возможность привлечения гарантов при недостаточности доходов.

Страхование недвижимости за счет компании

Месторасположение: г. Сарань, мкр. Химик
Одобрение на получение выбранного вами типа квартиры напрямую зависит от вашей платежеспособности.

Необходимо состоять в очереди на жилье в электронной базе «Центр обеспечения жилищем».

Необходимая информация для участия в программе

1. Заявка на участие в программе с указанием следующей информации:

Фамилия, имя, отчество, ИИН заявителя, дата рождения, дата постановки в очередь, мобильный телефон, данные удостоверения (№, орган выдачи, дата выдачи, срок действия), электронная почта, количество комнат.

2. Заявление супруга (-и) о согласии на обработку персональных данных (при наличии).

Отбор будет проходить на стороне АО «Казахстанская жилищная компания» согласно дате постановки на очередь.

Программа реализуется в 3 этапа:

1) подача заявки на участие и отбор согласно дате постановки на очередь;

2) после прохождения конкурса по дате постановки на очередь, нужно пройти процедуры платежеспособности в АО «Казахстанская жилищная компания» (телефон горячей линии КЖК – 8 (800) 080-44-48).

3) выбор квартиры на портале АО «Казахстанская жилищная компания».

4) Подписание договоров.

» БІЛІМ

БІЛІМ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН АРҚАЛАҒАН БАСШЫ



Білім саласы – сырт көзге тыныш көрінгенімен, ішкі жауапкершілігі ең ауыр жүйелердің бірі. Мұнда әр шешімнің артында тағдыр бар, әр өзгерістің салмағы жылдар өткен соң ғана сезіледі. Саран қаласының білім беру кеңістігінде соңғы жылдары жүріп жатқан өзгерістер дәл осындай салмақты міндетті арқалаған басшының еңбегімен тығыз байланысты.

2021 жылы білім бөлімінің басшылығына келген Арман Болатұлы қалыптасқан бірізді жолмен жүріп өткен жоқ, керісінше, өзіндік, тың бастамаларға жол ашты. Ол кезде білім саласында қордаланған мәселе аз емес еді. Кей мектептердің жағдайы заман талабына сай келмесе, кейбір сұрақтардың әлі де шешілмеген түйіндері көп еді. Осындай сәтте басшылыққа келу – жай қызмет емес, үлкен тәуекел еді. Өйткені кез келген бастама бірден қолдау таппайтыны белгілі. Алғашқы кезең өзінің біршама қиыншылығын көрсетті. Қаржы тапшылығы, кадр мәселесі, ескі жүйеге үйренген көзқарастар жаңаруға кедергі келтірді. Бірақ уақыт көрсеткендей, мәселені жасыру емес, ашық айту және жүйелі түрде шешу – бірден-бір дұрыс бағыт

еді. Басшы мектептерді аралап, есеп тыңдаумен шектелмей, күнделікті шынайы мектеп өмірін көруге тырысты. Ұстаздармен, директорлармен, ата-аналармен тікелей сөйлесу сол сенімнің алғашқы баспалдағы болды.

Арман Болатұлы Саран қаласының білім бөлімінің тізгінін ұстаған сәттен бастап, шаһарымыздың білім беру ұйымдары қарқынды дамыды десек, асылық айту емес. Бүгінде Саран қаласының Білім бөлімін басқарып келе жатқан Арман Болатұлының жетекшілігімен 22 білім беру ұйымы жұмыс істеуде. Олардың қатарында жалпы білім беретін мектептер, мектепке дейінгі және мектептен тыс ұйымдар, сондай-ақ қазіргі таңда сұранысқа ие болып отырған шағын орталықтар бар. Жылдар өте білім кеңістігінің бет-бейнесі өзгере бастады. Мектептердің материалдық-техникалық базасы жаңарып, заманауи пән кабинеттері ашылды. Робототехника, STEM бағыттары біртіндеп оқу процесіне еніп, балалардың қызығушылығын оятты. Бос уақытты тиімді өткізуге арналған коворкинг орталықтар білімді тек сыныппен шектемейтін жаңа мәдениетті қалыптастырды. Қаладағы екі таза орыс тілді мектепте қазақ сыныптарының ашылуы – көптің назарын аударған батыл шешімдердің бірі. Бұл қадам бір ғана тіл мәселесін емес, болашақ ұрпақтың таңдау еркіндігін, ата-ананың сұранысын ескерген салмақты шешім ретінде қабылданды. Уақыт өте келе бұл бастаманың дұрыс екені дәлелденіп келеді. Әрине, бәрі біркелкі болған жоқ. Қиындық та, сын да, күмән де болды. Бірақ сол қиын кезеңдер басшының болмысын айқындады. Қабылданған шешімдерге жауап беру, тәуекелден қашпау, уақытша қолайсыздыққа төзу – нағыз басқару осы жерде көрінді.

Назар аударуға тұрарлық бастамалардың қатарында Арман Болатұлының басшылығымен жүзеге асырылған оқыту мен дамытуға бағытталған бірқатар жобалар қатарын атап өтуге болады. Аталған жобалардың нәтижесінде білім сапасы айтарлықтай артып, қала көлемінде соңғы екі жыл қатарынан тұрақты өсім байқалып келеді. Қала

мектептерінің басым бөлігі білім сапасы бойынша оң динамика көрсетіп, педагогикалық ұжымдардың жүйелі әрі нәтижелі жұмысының айғағы болып отыр. 2025–2026 оқу жылының I тоқсанының қорытындысы бойынша қаламыз жоғары сапа көрсетіп, облыс деңгейіне шықты.

Мектеп қабырғасында алынған білімнің нәтижесін айқындайтын маңызды кезең — ҰБТ екені баршаға мәлім. ҰБТ нәтижелеріне назар аударар болсақ, Саран қаласы жоғары көрсеткіштер қатарынан көрінуден қалыс қалған жоқ. 2024–2025 оқу жылында ҰБТ-ның орташа баллы 68,8-ді құрап, алдыңғы 2023–2024 оқу жылындағы көрсеткішпен (71,2) салыстырғанда 2,4 баллға төмендегені байқалады. Соған қарамастан, қаланың жалпы рейтингтегі орны 3-орыннан 2-орынға көтеріліп, бұл Саран қаласы оқушыларының өзге өңірлермен салыстырғандағы жоғары бәсекеге қабілеттілігін айқын дәлелдейді.

«Арбаның алдыңғы доңғалағы қалай жүрсе, соңғылары да солай жүреді» деген халық даналығы бар. Саран қаласының білім саласындағы жетістіктері дәл осыны растайды. Білім бөлімінің басшысы Арман Болатұлының жүйелі басшылығы мен табанды еңбегі арқасында, біздің түлектеріміз айрықша нәтижелерге қол жеткізуде. Соңғы жылдары қалада «Алтын белгі» мен «Үздік аттестат» иегерлерінің көптігі – білім беру жүйесінің жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын көрсететін айқын дәлел...

2024 жылы грантқа түсу көрсеткіштері бойынша көшбасшылар қатарында №1 мектеп-лицейі (69,4%), Абай атындағы жалпы білім беретін мектеп (55,2%) және №16 жалпы білім беретін мектеп (58,3%) болды. Ал 2025 жылы бұл тізімге Абай атындағы мектебі (63,9%) мен №17 мектеп-гимназиясы (59,1%) енді.

Әрине, әртүрлі деңгейдегі олимпиадаларға қатысу да назардан тыс қалмайды. 2023–2024 оқу жылында қала мектептері тұрақты және жоғары нәтижелер көрсетті: облыстық кезеңде оқушыларымыз 23 бірінші, 19 екінші және 39 үшінші орын иеленді, сондай-ақ республикалық және ха-

лықаралық деңгейде де жүлделі орындарға қол жеткізді. Айтулы жетістікке №1 мектеп-лицейінің оқушысы Копбаева Алинаны атап өтсек болады. Алина-Президенттік олимпиаданың актық кезеңіне жолдама алып, Саран қаласының ғана емес, жалпы Қарағанды облысының беделін Республика көлемінде асқақтатты.

Ал жуырда Саран қаласындағы №17 мектеп-гимназиясының 4-сынып оқушылары Каримов Тимур мен Евсеев Антон ғылыми жетекшісі А. Акшалакованың бастамасымен Италияның Рим қаласында өткен Fibonacci International Robot Olympiad 2025 әлемдік финалында LegoFootball (робофутбол) санаты бойынша II орынды иеленді. Әлемдік финалға дейін команда Астанада өткен республикалық іріктеу кезеңінен сүрінбей өтіп, Анталиядағы (Түркия) Азия жарысына қатысу лицензиясын алып, онда I орынға қол жеткізді. Тағы бір маңызды жетістік — Saryarqa First Regional іріктеу кезеңінде №17 мектеп-гимназиясы 5 командалармен қатысып, First маусымының тақырыбы «Археология» болған жарыста ерекше нәтижелерге қол жеткізді. Командалар түрлі санаттарда жүлделі орындармен марапатталып, мектептің робототехника саласындағы жоғары дайындығы мен оқушылардың шығармашылық әлеуетін айқын көрсетті.

Арман Болатұлының өз саласында жаңашылдықтың жарқын үлгісін көрсеткен тұлға екені даусыз. Оның басшылығы тұсында білім беру саласы айтарлықтай табыстарға қол жеткізді. Көп жылғы жемісті еңбегі мен сала дамуына қосқан сүбелі үлесі үшін А. Бақтыбаев түрлі дәрежедегі грамоталармен және алғыс хаттармен марапатталды. Ал «Әлеуметтік әріптестікті дамытуға қосқан үлесі үшін» және «Белсенді қызметі үшін» медальдары оның еңбегіне берілген жоғары бағаның айқын дәлелі болып табылады. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні — бүгін Саран мектептеріндегі өзгерістер бір ғана адамның емес, сол тұлға бастап берген жүйелі еңбектің нәтижесі. Білім саласында үнсіз жасалған жұмыс көп сөйлейді. Ал уақыт – ең әділ төреші.

Редакциядан

Шахмат әлеміне алғашқы қадамдар

Құрметті оқырмандар! Мен сіздермен өзімнің шағын тәжірибеммен бөлісуді жөн көрдім. Менің жеке әлемімдегі, жан досым, сырласым бұл шахмат ойыны. Кез-келген барлық спорттық ойындардың ішінде, ең мықты ойыншыны анықтайтын ойын түрі. Неге десеніз, қарсы алдыңыздағы ойыншымен бетпе-бет отырып ашық алаңда шайқасқа шығу, білген жанға өте қиын. Алдыңда тұрған 32-тастың, әрбір фигуралардың жүрісі мен қызметін бақылау, ойыншының ойындағы келесі қадамды анықтау өте күрделі әдістердің бірі болып саналады.

Бұл ойын жасөспірімдер арасындағы ең танымал және беделді шахмат ойыны. Сонымен қатар тек ойын түрі ғана емес, сондай-ақ балалар мен жасөспірімдердің интеллектуалдық дамуына жол ашатын, достық пен қарым-қатынасты, этика мен эстетикалық талғамдарды қамтитын ынтымақтастықты нығайтатын әлемдік жобалардың қатарында орын алады.

Биылғы оқу жылында, Саран қаласының «Достық үйі» жасөспірімдер мен балалар орталығында, алғаш рет қазақ тілінде шахмат үйірмесінен 1-сынып үйірмесі ашылды. Қазақ сыныбының №16-тобында жас ерекшеліктері, 6-14жасқа дейінгі жастағы балалар қамтылған. Біздің тобымызда 13-бала бар.

Алғашқы сабақта әрбір жеке тұлғамен жақын қарым-қатынас жасау үшін зерттеу жұмыстарын жүргіздім. Бұл жұмыстар сауалнама алу мен зерттеу бақылау жұмыстары сараптама жасауға жақсы көмектесті. Бақылау жұмыстарының нәтижесінде, балалардың ойлау және қабылдау қабілеттері, әр түрлі деңгейде екенін байқадым.

Біздің тобымыз шахмат үйірмесі “Белая ладья” атауымен аталған.

«Белая ладья» жобасы XX ғасырдың ортасында бастау алған. Негізгі мақсаты – мектеп оқушылары арасында шахматты кеңінен насихаттау және жас таланттарға кәсіби жол ашу болды. Жылдар өте келе

турнир халықаралық деңгейге көтеріліп, ондаған елден жас шахматшылар жиналатын үлкен алаңға айналды.

Шахматты – ойнаудың маңыздылығы. Қазіргі таңда жылдам өзгеріп жатқан әлемде логикалық ойлау, стратегиялық жоспарлау және шешім қабылдау дағдылары өте қажет. Шахмат дәл осы қабілеттерді дамытатын ең тиімді құралдардың бірі.

Ең жас шахматшымыз туралы. Өзі сондай кішкентай, ақылды, қызымыз бар. Тобымыздың ең жас шахматқа құштар кішкентай ойыншы, болашақта шахматтың балғын жұлдызы Расилбек Райяна Оразханқызы, 4-жаста.

Кішкентай ғана ойыншымыз, бірінші күннен бастап көзге түсе бастады. Өте алғыр, айтқанды тез қабылдайды. Әр тастың орналасу орындарын біледі. Фигуралардың аттарын жатқа айта алады.



Алғашқы сабағымызда, Райяна жан-жағына қараумен болды. Себебі, өзімен жасты балалар жоқ, көбісі үлкен жастағы балалар болғандықтан алаңдаушылық болды.

Алдымен баланың тілін табу үшін, балаға қандай әдемі жақсы сөздер бар, соны айтуға тырыстым. Мысалы, Шашың қандай әдемі, шашыңды кім жинап берді деп сөзге тартып көрдім. Бала өте ұяң, еркелігі мен өзіндік қасиеттері бар, бірақ балаға жеңіл өзі жауап бере алатын сұрақтар қоюымыз керек. Сонда бала еш қиналмай жауап береді. Келесі қадамда баланы ортаға бойын үйрету үшін, басқа балаларға айттым: «Әр қайсымыз орнымыздан тұрып өз аттарыңды Райянаға айтып беріңдер», - дедім. Ал Раяна болса көзі жаутаңдап қарап отырды. Ең соңында: «Ал енді, сен өз атыңды айта ғой», - дедім. Бір байқағаным басқа балалар сияқты ол да орнынан тұрып өзінің

атын айтты. Бұл жерде не байқаймыз. Әр бала өз орнынан тұрып аттарын айтқанда, Райяна да өз орнынан тұрып жауап бергені. Бұл үлкен тәрбие, үлкен мәдениеттілік пен кішіпейілдіктің белгісі. Мен кішкентай Райяаның өзін ұстауына, тәрбиесіне риза болдым.

Осы орайда, әкесі Дуанаев Оразхан Расилбекович, анасы Жанузақ Динара Бахытқызына үлкен рақмет айтқым келеді. Баланың болашағына бей-жай қарамай, жан-жақты дамыту үшін шахмат үйірмесіне әкелгеніне риза болдым. Алдағы уақытта мен Расилбек Райянаның жауапкершілігі мол, мықты тұлға болып қалыптасатынына сеніммен қараймын.

Ж. МЕНЕКЕТ,
Саран қаласының
«№7 мектеп-интернат» КММ
қосымша білім беру үйірмесінің
жетекшісі



» МЕРЕЙТОЙ

ЖАТАҚХАНАҒА 50 ЖЫЛ



Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледжінің жатақхана ғимаратына 50 жыл толуына орай этнобөлме ашылды.

Иә, сүйіншіге толы мерекені бір ғасырдан артық тарихы бар білім орданың шәкірттері мен ұстаздары, сыйлы қонақтары қуана-қуана қарсы алып, «Тарих пен тағылым тоғысқан мекен» атты салтанатты мерекелік шарада ізгі тілегін, жылы лебізін арнады. Бұл айтулы кеш өткен мен бүгінді жалғап, талай буынның жарқын естеліктері мен өмірлік жолына куә болған киелі орданың маңызын айшықтай түсті.

Келген қонақтар сый-құрметтің нышаны ретінде студенттердің тік тұрып көрсеткен ілтипатымен, қазақтың қоңыр домбырасынан төгілген күмбірлі күйдің әуенімен салтанатты түрде қарсы алынды.

Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледждің директоры Алма Темирбулатова құттықтау сөз сөйлеп, тәрбие мен тәлім ордасына, білім беру саласының дамуына елеулі үлес қосқан жандарды марапаттады. Педагогикалық қызметтегі шығармашылық табыстары мен жоғары кәсіби біліктілігі үшін Куландам Омарова мен Елена Михалевичке Қарағанды облысы білім басқармасының басшысы Д. Жекебаевтың атынан Құрмет грамоталары табыс

етілді. Сонымен қатар білім беру саласына сіңірген еңбектері үшін бірқатар азаматқа Алғыс хаттар берілді.

Жатақхана қабырғасында талай қызықты да әсерлі кезеңдерді өткеріп, бүгінде елдің өсіп-өркендеуіне лайықты үлес қосып жүрген тұлалар жүрекжар-



аныш белгісі ретінде тәттіден шашу шашты. Колледжде жиырма жылдан астам еңбек етіп, «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісінің иегері атанған Жанат Нурсалиева да ақжарма тілегін жеткізді.

Сондай-ақ академик Е.А. Бөкетов

сөз алып, естелік сыйлықтарын табыс етті.

Ал кешке қатыса алмағандар бейнеқұттықтауларын жолдап, көпшілікті жылы естеліктерге бөлеп, мерекелік кештің шырайын аша түсті. Колледжде еңбегі сіңген бүгінде өмірден өткен ардақты жандардың есімдері аталып, бір минут үнсіздікпен еске алынды. Әрбір сәт ерекше әсерге толы болды.

Шараның көркем қорытындысы ретінде мерейтой аясында жатақхананың үшінші қабатында ұлттық рухты айшықтайтын этнобөлме ашылды. Салтанатты рәсімде қызыл лентаны Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледж директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Аққу Муфталова мен Абай атындағы жалпы білім беретін мектептің директоры Гүлден Серикова қиды.

Ұлттық құндылықтарға бай этнобөлменің әр бұрышы тарих пен тағылымға толы. Онда ата-бабадан жеткен салт-дәстүр, тұрмыс-тіршіліктің белгілері мен рухани мұралар тоғысып, жас ұрпаққа өнеге болар терең мағыналы дүниелер көрініс тапқан.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде қала күнімен қатар аталып өтіп келе жатқан жатақхананың мерейтойы құтты болсын! Бұл мерейлі дата өсіп-өркендеудің, бірлік пен игі бастамалардың жарқын белгісі болсын.

Дина ӘБДИҒАЛИЕВА



ды лебізін арнады. Саран қаласының құрметті ардагері, колледж түлегі, кейін осы білім ордасында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарған қоғам белсендісі, саясаттанушы Серік Мұстафин жиналған жұртты мерейтоймен құттықтап, ку-

атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің профессоры, психология ғылымдарының докторы Бибісара Әмірова, қалалық аналар кеңесінің төрағасы Гүлжан Жүсіпбекова, ардагер ұстаз, колледжде кәсіподақ ұйымының төрағасы болған Людмила Панженская

» ИТОГИ ГОДА

В Доме культуры нашего города прошло торжественное мероприятие, организованное Советом ветеранов.

Мероприятие было посвящено Дню Независимости, Дню города. Также были подведены итоги деятельности Совета ветеранов за текущий год. К слову, работа была проведена большая, ведь наши дорогие ветераны по-прежнему остаются активными, и все больше добрых дел, различных проектов в городе инициируется именно старшим поколением. И в этот раз были поддержаны традиции преемственности поколений, ведь в мероприятии приняло участие не только старшее поколение, но и молодежь.

Свои теплые слова поздравлений и пожеланий выразили депутат Саранского городского маслихата Ж. Жаяубаев, руководитель городской информационной группы Г. Туртбаева, председатель Совета ветеранов Ж. Токушева.

Но особенно торжественным моментом стало вручение знаков «Почетный ветеран». Их получили достойные жители нашего города, которые вносят значительный вклад в развитие Сарани. Среди

Представители старшего поколения - пример для молодежи

них Б. Аброев, К. Омаров, Ж. Ашимов, С. Тлекбаев. Также благодарственных писем за активную работу были удостоены А. Иванова и А. Сагатова.

Интересной для участников этого мероприятия стала информация о деятельности ветеранов за 2025 год, который выдался насыщенным. Ж. Токушева подробно остановилась на всех направлениях работы, подчеркнув, что старшее поколение и дальше будет также активно и плодотворно трудиться на благо горожан.

Стоит отметить, что такие встречи объединяют целые поколения и вдохновляют молодежь на новые достижения.

Соб.инф.



Похищение Елочка, или тайны заколдованной крепости

Жеребенок Ориончик родился ранней весной. Его мама Огнивка не могла нарадоваться на своего малыша. Он был смышленным не по годам, а еще у него было много друзей. И среди них - маленькая Елочка. Каждое утро, резвясь по полю, Ориончик подскакивал к своей подружке, чтобы пообщаться с ней. Елочка рассказывала ему о том, как она скучает по зимнему снегопаду, по своей подружке Снегурочке и Деду Морозу.

И очень хочет, чтобы ее новый друг жеребенок Ориончик был приглашен на сказочный новогодний бал. После разговора с Елочкой жеребенок подбегал к маме Огнивке с одним единственным вопросом: «Мама, а когда уже наступит зима? Я так хочу познакомиться со Снегурочкой и Дедом Морозом. «Всему свое время» - отвечала Огнивка своему любимому детенышу.

...Наступил декабрь. Выпал первый снег. Ориончик был так счастлив, что сразу же решил поделиться радостью со своей подружкой.

Но где же она? На том месте, где они впервые встретились с Елочкой, остались только следы чьих - то лап и несколько иголок, напоминающих о том, что здесь была его подружка. Ой, а вот еще одна иголочка, и еще одна... Жеребенок пошел по снежной дорожке и чем дальше отходил от того места, где он встречался с Елочкой, тем громче стучало его сердечко. Разбросанные по дорожке иголочки указывали ему путь, по которому неизвестные похитители вели его подружку. Но иголочки закончились, а без них затерялись и её следы. Елочку потеряли и другие ее друзья - Снеговик Снежка и змейка Зея. По поручению Дед Мороза они разносили пригласительные билеты на новогодний карнавал. Сообразив, они прошли тот же путь, что и молодой жеребенок. И вместе с ним застыли в полной растерянности от непонимания своих дальнейших действий. Куда идти, где искать их подружку?

Вдруг они заметили летящую к ним ворону Ляпку: «Я знаю, кто схватил Елочку и где она! Это лиса Люсинда и кот Сема. Они затащили ее в заколдованную ледяную крепость. Её охраняют злые снежные вихри - Вихрушка и Завитушка. Заматают любого, кто пытается проникнуть в крепость. Бедная елочка!». Ворона всхлипнула от жалости к ней.

